САБАҚ ЖОСПАРЫ

Пән	Информатика
Мұғалім	Мергазина Назым
Мектеп, сынып	Шығыс Қазақстан облысы, Қатонқарағай ауданы, Қатонқарағай ауылы, Рыков атындағы орта мектеп, 6-сынып
Сабақ тақырыбы	Ақпаратты қорғау. Вирусқа қарсы программалар

Сабақтың мақсаты	АКТ-ны пайдаланып, «компьютерлік вирус» түсінігін беру. Оқушыларға теориялық білім бере отырып, ойлау қабілетін, әскерлік белсенділігін дамыту. Сыни тұрғыдан ойлау арқылы берілген тапсырманы топпен орындауға дағдыландыру	
Оқушылар білуі тиіс	- Компьютерлік вирустар түрін; - Вирустардың таралу жолдарын; - Антивирустік программаларын түрін;	
Оқушылар үйренуі тиіс	Вирусқа қарсы бағдарламалармен жұмыстана білуін;	
Оқыту нәтижелері	Вирус, антивирус дегеніміз не, компьютердің вирус жұқтыру белгілерін, антивирустық қауіпсіздік ережелерін оқып үйренеді. Достарымен еркін қарым-қатынасқа түседі. Өз ойын қорғай алады. Шығармашылықпен жұмыс істей алады.	
Сілтемелер	5-сынып оқулығы; Стендтер; Видеосабақтар; Слайд; http://bilimland.kz порталы.	
Сабақ кезеңдері	**Мұғалімнің іс-әрекеттері**	**Оқушылардың іс-әрекеттері**
I. Ұйымдастыру кезеңі 2 мин	*Оқушылармен амандасу, түгендеу, сабаққа дайындықтарын тексеру.* Сыныпта ынтымақтастық атмосфера қалыптастыру мақсатында ***«Ыстық алақан»*** тренингін өткізу. Сыныпты топқа бөлу. Оқушыларды компьютердің құрылғысы арқылы топқа бөлу (қоржынға компьютердің құрылғысын жазып қоямын, оқушылар бір-бірден таңдап алған компьютердің құрылғысына байланысты, сол топқа отырады). 1-топ. ЖҮЙЕЛІК БЛОК.	Оқушылар бір-бірлерінің қолынан ұстап, жылы лебіздерін білдіреді. Топ басшыларын сайлау, (топ ішінде спикер, тайм спикер, хатшы рөлдерін бөлу). Ережені тақтадан оқып, естеріне түсіреді.

	2-топ. ШИНА. 3-топ. ПРОЦЕССОР. "Бағалау парағын" тарату.	
II. Үй жұмысын тексеру 6 мин	- Тест арқылы тексеру. - Жұптық тексеру.	Әр топ оқушылары қол көтеріп жауап береді. Дәптерлерін ашып, күн ретін, тақырыпты жазады.
III. Жаңа тақырыпты түсіндіру 10 мин	«Ой тастау». - Оқушылар күнделікті өмірде жалпы компьютерлік вирустар деген ұғыммен кездесіп жүрсіздер, кімнің қандай ойы бар? - Компьютерлік вирус дегенді қалай түсінеміз? - Вирус қалай пайда болады, одан қалай сақтану керек? - Компьютерлік вирустармен күресу үшін қандай әрекеттер орындау қажет? http://bilimland.kz/kk/content/lesson/18601-kompyuterlik_virustar сілтемесі бойынша “Компьютерлік вирустар” видеосы көрсетіледі. Вирустардың таралу жолдары: - Дискеттер; - Лазерлік; - Компьютерлік желілер. Вирустар екі түрге бөлінеді: - Резиденттік; - Резиденттік емес. Резиденттік: - Профилактикалық (алдын алу) шаралары: - Вирустардан қорғауға арналған арнайы бағытты программаларды қолдануға болады. Профилактикалық шараларға төмендегілерді жатқызуға болады: - Қосалқы көшірме жасау- ақпаратты архивтеу; - Зақымдануы ықтимал кездейсоқ «пираттық»(ұрлық) программаларды қолданбау; - Дискеттерді вирустан тексеру; - Антивирустық деректер базасын ұдайы жаңарту. http://bilimland.kz/kk/content/lesson/16339-virusqa_qarsy_bahdarlamalar сілтемесі бойынша “Вирусқа қарсы бағдарламалар” видеосы көрсетіледі.	

<table>
<tr><td></td><td colspan="2"> 
</td></tr>
<tr><td>IV. Сергіту сәті

2 мин</td><td>Жаттығуды орындарында отырып орындау.</td><td>Қол саусақтарына арналған жаттығулар:
• Алақанды уқалау.
• Қолды қысу.
• Білезіктен айналдыру.

Көзге арналған жаттығулар.
• Көзді бірнеше рет жыпылықтату.
• Көзіңмен ақырын оң жаққа, жоғары, солға, төмен қарай 3-4 рет айналым жаса</td></tr>
<tr><td rowspan="6">V. Бекіту

6 мин</td><td>1. </td><td>Жауабы: Avast программасы. </td></tr>
<tr><td>2. </td><td>Жауабы: </td></tr>
<tr><td>3. </td><td>Жауабы: </td></tr>
<tr><td>4.  </td><td>Жауабы: Вирусқа қарсы бағдарлама</td></tr>
<tr><td>5.  </td><td>Жауабы: 60000</td></tr>
<tr><td>6. </td><td>Жауабы: Bitdefender</td></tr>
</table>

	7. 	Жауабы: Үнемі
	8.	Жауабы: MS Paint
VI. Компьютердегі тәжірибелік жұмыс 12 мин	25-27 б.б. **Компьютердегі тәжірибелік жұмыс.** *Дербес компьютерлерін қосып деңгейлік тапсырмаларды орындау.* *А деңгейін орындағандар – «3» деген баға алады;* *А және В деңгейлерін орындаған оқушыларға – «4» деген баға қойылады;* *А, В және С деңгейлерін орындаған оқушыларға «5» деген баға қойылады.*	**А деңгейі** ***1.*** *Microsoft Security Essentails программасымен (немесе) өздерінде бар антивируспен өз бумаларыңды тексеруді орындаңдар.* ***2.*** *Программаны іске қосыңдар.* ***3.*** *Үйге тіркеме бетінде Тексеру параметрлері – Ерекше (Особая) ажыратып-қосқышын тағайындаңдар.* ***4.*** *Тексеру батырмасын шертіңдер, өз бумаларыңды көрсетіңдер. ОК-ді шертіңдер.* ***5.*** *Сканерлеу нәтижесінің соңын күтіңдер.* ***6.*** *Жұмыс нәтижесін мұғалімге көрсетіңдер.* **В деңгейі** ***1.*** *А деңгейінің тапсырмасын орындаңдар.* ***2.*** *Microsoft Security Essentails программасының баптауларын өзгертіңдер.* ***3.*** *Параметрлер тіркеме бетіне ауысыңдар.* ***4.*** *Сол жақтағы тізімнен Үнсіз келісім бойынша әрекеттер (Действия по умолчанию) бұйрығын таңдаңдар.* ***5.*** *Хабарлаудың ауыспалы деңгейі үшін Жою бұйрығын таңдаңдар.* ***6.*** *Сол жақтағы тізімнен Толығырақ (Подробно) бұйрығын таңдаңдар.* ***7.*** *Ағытылатын тасығыстарды тексеру (Проверять съемные носители) параметрін белгіленңдер.* ***8.*** *Жұмыс нәтижесін мұғалімге көрсетіңдер.*

		С деңгейі ***1.*** *В деңгейінің тапсырмасын орындаңдар.* ***2.*** *Microsoft Security Essentails программасының (http://windows.microsoft.com/ru.ru/windows/security-utilities) жүйеге қандай талаптар қоятынын оқып-біліңдер.*
VII. Кері байланыс 3 мин	 Кері байланыс пікірлерін жинап алу.	Оқушылар тақырыптағы түсінген, түсінбеген сұрақтарын кері байланыс парағына жазып кетеді.
VIII. Оқушыларды бағалау 2 мин	Сабаққа белсенді қатысқан оқушыларды бағалау, бағаларын күнделіктеріне қою.	Күнделіктеріне баға қойдырады.
IX. Үй жұмысы 2 мин	§5 оқу, 37-беттегі сұрақтарға жауап беру.	Күнделіктеріне үй тапсырмасын жазып алады.